



"Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығы мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 наурыз N 407. Жоба ҚР Парламенті Мәжілісінен кері қайтарылып алынды - ҚР Үкіметінің 2001.09.04. N 1136 қаулысымен. ~P011136

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығы мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына е н г і з і л с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығы мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1992 ж., N 4, 84-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат)

1) I тараудың тақырыбындағы "I" деген цифр "1" деген цифрмен ауыстырылсын.

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Заңның міндеттері

Осы Заң Республика Конституциясында, сондай-ақ адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтарын іске асыруға кепілдік береді, осы саладағы құқықтық қатынастарды реттейді және діни бірлестіктердің құқықтық жағдайын айқындайды.

Діни нанымды уағыздау бостандығының жүзеге асырылуы конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын тек заң актілерімен және бұл халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажетті болса, тек сол шамада ғана шектелуі мүмкін.";

3) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар

Осы Заңда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

діни сенім - қандай да бір дін ұстанушылық;

рухани (діни) білім беру ұйымы - діни қызметшілерді дайындаудың кәсіптік оқыту бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

конфессия - анықтау факторы діни оқу болып табылатын діни бағыттарға сәйкес келетін ұғым;

миссионерлік қызмет - діни-ағарту, қайырымдылық және өзге де қызметі арқылы, қандай да бір дін ілімін уағыздау және тарату мақсатындағы қызмет;

діни бірлестік - нақ сол бір дінді ұстанатын, өздерінің діни қажеттіліктерін бірлесіп қанағаттандыру үшін біріккен кәмелетке толған азаматтардың ерікті бірлестігі;

дін - діни сенімге байланысты дүниетаным, сондай-ақ тиісті мінез-құлық пен айрықшалықты іс-әрекет функцияларын орындайтын қоғамдық сананың ерекше нысаны;

діни сенім бостандығы - өзіне мыналарды: адамның кез келген дінді уағыздау немесе өз діни нанымдарын өзгерту; дінге сенушілердің діни қоғамдарды еркін құру құқығын; әркімнің сол немесе өзге дінге жататындығына қарамастан барлық саяси және азаматтық құқықтар мен бостандықтарды пайдалану мүмкіндігін қамтитын, ар-ождан бостандығының қажетті және ажырамас элементі;

діни экстремизм - Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тектік-таптық және рулық араздыққа, сондай-ақ адамның жеке басын бұзуға, оның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруге бағытталған, шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерден діни сенім бостандығына берілушілік.";

4) 2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығына құқықтарды қорғау мәселелері және діни бірлестіктер қызметінің мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілері осы Заңға қайшы келген жағдайда осы Заңның нормалары

қ о л д а н ы л а д ы . "

5) 4 - б а п т а :

Бірінші бөлік "Қазақстан Республикасында экстремистік діни топтардың қызметіне тыйым салынады." деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "Қазақстан Республикасында конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарда пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерге, мақсаттары мен қызметі конституциялық құрылымды күшпен өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктерді құруға, діни экстремизмді насихаттауға тыйым салынады." деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Миссионерлік қызмет

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлік қызметті уәкілетті мемлекеттік органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады. Есептік тіркеуден өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Көрсетілген адамдардың есептік тіркеуден өтпей миссионерлік қызметіне тыйым салынады және заң актілерімен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.";

7) 5 - б а п т а :

Бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Дінге қатыстылығына байланысты білімнің әр түрлері мен деңгейлеріне қол жеткізуді жүзеге асыруда артықшылықтарды, шектеулерді немесе кемсітудің өзге де нысандарын белгілеуге тыйым салынады.";

екінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Баланы діни тәрбиелеу оның жан-жақты дамуына, дене немесе рухани денсаулығына зиян келтірмеуге тиіс.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Діни оқыту түсіністік, шыдамдылық басқа адамдардың сенімдерін құрметтеу рухында жүзеге асырылуға тиіс. Кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктерге тартуға, сондай-ақ олардың еркіне, ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың еркіне қарамастан оларды діни оқытуға

жол берілмейді.";

8) 6-баптың екінші бөлігіндегі "Облыстардың және Алматы мен Ленинск қалаларының өкімші және атқарушы органдары" деген сөздер "Облыстардың және Алматы, Астана қалаларының жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) II тараудың тақырыбында "II" деген цифр "2" деген цифрмен ауыстырылсын;

10) 7-бапта:

бірінші бөлікте:

"және олардың құрылымдық бөлімшелері" деген сөздер алынып тасталсын;

"сенімді бірлесіп уағыздау мақсатында құрылған және осы мақсатқа сәйкес келетін:

дін ілімінің болуы;

құдайға құлшылық ету діни жоралар мен уағыз, өзге де рәсімдер жасау;

діни уағыздау және өздерінің ізбасарларын тәрбиелеу;

діни бірлестікке қабылдау және одан шығу тәртібінің белгілері бар"

деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

"(ережелеріне)", "(ережелері)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Діни бірлестіктер заңдармен белгіленген тәртіпте құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы." деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "(ережелерімен)", "(ережелерін)" деген сөздер алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Діни шетел бірлестіктерінің Республиканың аумағындағы қызметі, сондай-ақ Республикадағы діни шетел орталықтарының діни бірлестіктердің басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу бойынша жүзеге асырылады."

11) 8, 9-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Діни бірлестіктің жарғысы

Діни бірлестіктің жарғысы азаматтық заңдарға сәйкес оның құқық қабілеттілігін анықтайды және осы Заңға сәйкес тіркеуге жатады.

Тіркеуге ұсынылатын жарғыда:

діни бірлестіктің атауы, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысандағы нұсқауы, орналасқан жері, қандай діни сенімге жататындығы және діни бірлестіктің қызмет аумағы ;

қызметінің мәні мен мақсаты ;

бірлестіктің құрылымы, қалыптасу құрылымы, тәртібі және оны басқару органдарының құзыреті ;

діни бірлестіктің және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері ;

діни бірлестікке мүше етіп қабылдау және одан шығу шарты мен тәртібі ;

бірлестіктер мүлкінің құрылу көздері;
жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және оны тарату тәртібі;
діни бірлестік таратылған жағдайда мүлікке иелік ету тәртібі;
қызметінің нысандары мен әдістері туралы, ізбасарлардың отбасы мен некесіне,
біліміне, денсаулығына көзқарасы туралы мәліметтер, діни бірлестіктің мемлекетке
қ а т ы с ы ;

филиалдары және өкілдіктері туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс.

9-бап. Діни бірлестіктерді тіркеу

Діни бірлестіктер кәмелетке толған кемінде елу азаматтың бастамашылығымен құрылады. Бұл үшін олар жиналысты шақырады, онда жарғы қабылданады.

Діни бірлестік мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлғаның құқықтық қ а б і л е т і н е и е б о л а д ы .

Республиканың екі немесе одан көп облыстарының аумағында қызмет ететін діни бірлестіктерді, олар құратын рухани (діни) оқу орындарын, монастырьларды мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді - аумақтық әділет органдары жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тіркелген діни басқармалар (орталықтар), бірлестіктер мен мекемелер, миссионерлік қызметті қоспағанда, өз қызметін заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген филиалдары мен өкілдіктері арқылы жүзеге асырады.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу үшін азаматтар (құрылтайшылар) тіркеу туралы арызды, діни бірлестікті құрған азаматтардың (құрылтайшылардың) тізімін, діни бірлестіктің жарғысын, жарғыны қабылдаған құрылтай жиналысының (конференциясының, съезінің) хаттамасын тиісті органға ұсынады.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу үшін дін ілімі мен оған сәйкес келетін практиканың негіздері туралы, оның ішінде діннің және осы діни бірлестіктің пайда болу тарихы туралы мәліметтер қосымша ұсынылады. Ислам діни бірлестіктерін тіркеу Қазақстан мұсылмандарының Рухани басқармасының ұсынымы бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Рухани (діни) оқу орындарының қызметі заңдармен белгіленген тәртіпте л и ц е н з и я л а н а д ы .

Діни бірлестіктердің жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар жарғыларды тіркеу сияқты тәртіппен және сол мерзімдерде тіркеуге жатады.

Дінтану сараптамасын өткізу, сондай-ақ діни бірлестік берген құжаттар бойынша маманның қорытындысын алу қажет болған жағдайда мемлекеттік тіркеу мерзімі т о қ т а т ы л а д ы . " ;

12) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Діни бірлестікті тіркеуден бас тарту

Е г е р :

діни бірлестік қызметінің мәні мен мақсаты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келген;

құрылатын бірлестік діни бірлестік ретінде танылмаған; жарғысы мен басқа да ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген немесе онда қамтылған мәліметтер дұрыс болмаған жағдайда діни бірлестікті тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда тіркеуші орган оған заң актілерімен белгіленген тәртіппен нақты заңның бұзылғанына сілтемені қамтитын жазбаша түрде негізделген бас тартуды беруге міндетті. Шығарылған бас тартудың сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін";

13) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және тоқтату

Діни бірлестіктің қызметі мынадай негіздер бойынша уақытша тоқтатылуы мүмкін: құрылтай құжаттардың, қолданылып жүрген заңдардың ережелерін бұзған, діни қызметті діни бірлестік орналасқан жерден тыс жерде жүзеге асырған жағдайда. Аталған негіздерді 3 айдың ішінде жойған кезде діни бірлестіктің қызметі қалпына келтіріледі.

Діни бірлестіктің қызметі оған қатысушылардың (мүшелерінің) не соттың шешімімен тоқтатылады.

Діни бірлестіктің қызметіне байланысты оның мүшесінің (мүшелерінің) қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын, Қазақстан Республикасы заң актілерінің нормаларын бірнеше мәрте бұзуы, оның құрылу мақсаттарына қайшы келетін қызметті жүйелі түрде жүзеге асыру, сондай-ақ оның қызметі уақытша тоқтатылған себептерді жоймау діни бірлестіктің қызметін сот тәртібімен тоқтатуға не тыйым салуға негіз болып табылады.

Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және тоқтату туралы арызбен сотқа прокуратура органдары, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган жүгінуге құқылы."

14) III тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Діни бірлестіктер қызметінің құқықтары мен шарттары";

15) 12 - бапта :

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Діни бірлестіктер көпшіліктің келуіне ашық болатын, құдайға құлшылық ету немесе діни жиналыстар орындарын, сондай-ақ қандай да болмасын дінді ұстаушылар құрметтейтін орындар (қажылық орындары мен басқалар) құруға және ұстауға құқылы.

Құдайға құлшылық ету, басқа да діни жоралар мен рәсімдер ғибадат үйлері мен ғимараттарда және соларға жататын аумақтарда, діни бірлестіктердің

кәсіпорындарында, зираттар мен крематорийлерде, сондай-ақ тұрғын үй-жайларда
б ө г е т с і з ж а с а л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мұсылмандық діни ғимараттар мен құрылыстарды салу және (немесе) ашу

Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының рұқсатымен жүзеге асырылады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Діни жоралар мен рәсімдерді осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген жерлерден тыс өткізу жергілікті атқарушы органдардың рұқсат беруімен жүзеге асырылады.";

16) 13-бапта:

үшінші бөлік алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Діни фундаментализм мен экстремизмнің идеяларын қамтитын әдебиетті, кино-, фото-, бейнеөнімдерін және басқа да материалдарды дайындауға, сақтауға және таратуға тыйым салынады және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.";

17) 14-бапта:

бірінші бөлікте:

"(ережелеріне)" деген сөз алынып тасталсын;

"қоғамдық бірлестіктер үшін белгіленген тәртіппен тіркелетін" деген сөздермен толықтырылсын;

18) IV-тараудың тақырыбындағы "IV" деген цифр "4" деген цифрмен ауыстырылсын;

19) 16-баптың екінші бөлігіндегі "немесе мемлекет берген және заңға қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған" деген сөздер "өзге, заңға қайшы келмейтін жолмен алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 17-баптың екінші бөлігінің бірінші сөйлемі, үшінші бөлігінің екінші және үшінші сөйлемдері алынып тасталсын;

21) 18-баптағы "(ережелеріне)" деген сөз алынып тасталсын;

22) 19-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Өз қызметін тоқтатқан діни бірлестіктердің мүлкіне иелік ету";

бірінші, екінші бөліктердегі "(ережесіне)" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

23) 20-баптың бірінші бөлігі алынып тасталсын;

24) V тараудың тақырыбындағы "V" деген цифр "5" деген цифрмен ауыстырылсын.

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат) :

14-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Дінге қатыстылығына байланысты білімнің әр түрлері мен деңгейлеріне қол жеткізуді жүзеге асыруда артықшылықтарды, шектеулерді немесе кемсітудің өзге де нысандарын белгілеуге тыйым салынады."

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат, N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; 2001 жылғы 24 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2000 жылы 23 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы; 2001 жылғы 24 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылы 23 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне астық қабылдайтын кәсіпорындар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы Заңы):

1 0 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бір дінді ұстайтын, өзінің діни мұқтаждарын бірігіп қанағаттандыру үшін біріккен кәметке толған азаматтардың ерікті бірігуі діни бірлестік болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы аумағындағы миссионерлік қызметіне оның Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес келуі жағдайында жол беріледі."

4. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000

ж . , N 6 , 141 - құ ж а т) :
мынадай мазмұндағы 337-1-баппен толықтырылсын:
"337-1 бап. Заңсыз миссионерлік қызметті жүзеге асыру
Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті мемлекеттік органда

есептік тіркеуден өтпейінсіз не заңдармен белгіленген миссионерлік
қызметті жүзеге асыру тәртібін бұза отырып, миссионерлік қызметті жүзеге
асыруы, -

жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе
айыпталушының жалақысы немесе екі айдан бес айға дейінгі мерзімдегі өзге
де табысының мөлшерінде айыппұлмен, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу
жұмыстарымен, не алты айға дейінгі мерзімге қамаумен, не бір жылға дейін
мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады."

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.